



IGCSE пәндері

2025-2027



Haileybury Almaty

# Мектеп директорының сөзі



Haileybury Almaty мектебі оқушылардың ағылшын тілінде оқып, жоғары оқу үлгерімін көрсетіп, үздік университеттерге түсуге жоғары сапалы дайындықты қамтамасыз етуге бар күшін салады. IGCSE - оқушыларды оқытудың келесі кезеңіне сапалы дайындайтын екі жылдық оқу курсы (10-11 сыныптар).

Haileybury мектептерінің оқытушылық тәжірибесі 150 жылды қамтиды. Қазақстандағы мектептеріміз академиялық шеберліктің жетекші орталықтары болып табылады. IGCSE - бұл элиталық университеттерге түсу үшін оқушыларға қажет академиялық базаның бөлігі болып табылатын маңызды емтихан. Сондықтан біздің мектеп ұсынатын жоғары сапалы оқыту, жоғары материалдық-техникалық база және ынталы оқушылар біздің үздіксіз академиялық жетістігіміздің кепілі болып табылады.

Haileybury Almaty барлық оқушыларға математика, ағылшын тілі, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарды, сондай-ақ жоғары сұранысқа ие басқа пәндерді оқуға мүмкіндік беретін кеңейтілген және теңдестірілген оқу бағдарламасын пайдаланады.

IGCSE - оқушыларды тікелей университетке түсуге дайындайтын бағдарлама емес. Ол оқушыларды 12-13 сыныптарының (Sixth form) A Levels бағдарламасында оқуға дайындайды.

Академиялық қатаңдығымен бүкіл әлемде танылған IGCSE және A Levels бағдарламалары университетте оқуға академиялық дайындықтың тамаша мүмкіндігін ұсынады.

IGCSE пәндері туралы шешім қабылдағаннан кейін Haileybury мектебінен тыс әлемге саяхатыңызды бастайсыз. Дұрыс шешім қабылдау үшін мектепте алған біліміңізді пайдаланыңыз. Есіңізде болсын, алдыңызда жарқын болашақ күтіп тұр!

**Саймон Миллс**  
Мектеп директоры

# Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Бұл оқушылардың өздерін қызықтыратын пәндерді таңдаудың бірінші мүмкіндігі. Әрине, оқушылар болашақта оқығысы келетін пәндерді өз бетінше таңдай алады, дегенмен оларға мұғалімдердің кеңестері мен ұсыныстарын пайдаланып, олардың қолдауын алуға кеңес береміз.

Мектепте оқушылар мұндай қолдауды сынып жетекшілерінен, хаус басшысынан, хаус басшысының орынбасарынан, пән мұғалімдерінен және жоғары білім бойынша кеңесшісінен ала алады. Оқушылар сондай-ақ жоғары сыныптарда оқитын оқушылардан көмек сұрай алады. Біз оларға дұрыс таңдау жасауға көмектесуге тырысамыз.

Алдағы екі жыл ішінде олар оқитын IGCSE пәндері олардың A Levels пәндеріне, университеті мен мансабын таңдауына да әсер ететінін ескере отырып, біз оқушыларды мүмкіндігінше ғылым мен өнер пәндерін таңдауға шақырамыз. Біз әлемдегі ең жақсы университеттердің көпшілігі оқушыларды қабылдау кезінде пәндердің санына да, әртүрлілігіне де көңіл бөлетінін білеміз.

Бұл кітапша IGCSE пәндері мен курсы туралы толық мәлімет береді. Егер сізде осы кітапшада белгілі бір пән бойынша жауап берілмеген сұрақтарыңыз болса, сізге және сіздің балаңызға пән мұғалімдеріне немесе бөлім меңгерушілеріне тікелей хабарласуға кеңес береміз.

Пәндер мен таңдау мерзімдері туралы толығырақ ақпарат бөлек беріледі.

Алда ең қызықты уақыт күтіп тұр.

## **Андреа Ангус**

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары







# Мазмұны

Британдық IGCSE және A-Level бағдарламалары	6	IGCSE Физика	20
Пәндерді таңдау	8	IGCSE Информатика	21
Негізгі қызметкерлер	9	IGCSE География	24
<b>IGCSE пәндері</b>		IGCSE Тарих	25
IGCSE Ағылшын тілі	12-13	IGCSE Бизнес	26
IGCSE Ағылшын әдебиеті	14	IGCSE Экономика	27
Edexcel IGCSE Ағылшын тілі екінші тіл ретінде (ESL)	15	GCSE орыс тілі екінші тіл ретінде	29
IGCSE Математика	16	IGCSE Француз тілі – Шет тілі	31
IGCSE Тереңдетілген абстрактті математика	17	IGCSE Қытай тілі – шет тілі	33
IGCSE Биология	18	IGCSE Музыка	35
IGCSE Химия	19	GCSE Бейнелеу өнері	37
		Қазақ тілі	38

# Британдық IGCSE және A-Level бағдарламалары

Сіздің әлемнің үздік университеттеріне жолыңыз

Балаңыз Haileybury Almaty мектебінің IGCSE/GCSE бағдарламасы бойынша келесі оқу жылы оқи бастайды..

IGCSE/GCSE (Орта білім туралы халықаралық сертификат/ Орта білім туралы сертификат) – 16 жасқа толған оқушылар тапсыратын емтихандар. Бұл емтиханды Ұлыбританиядағы барлық оқушылар және британдық оқу бағдарламасы бойынша халықаралық мектептердегі көптеген оқушылар тапсырады. Көп жағдайда емтихандар 11-сыныптың соңында өтеді.

IGCSE/GCSE-ден кейін оқушылар A Level емтихандарын таспырып, университетке түсуге дайындалу үшін екі жыл оқиды. Бұл бағдарлама дүние жүзіндегі университеттермен жоғары бағаланады. Оқушылар 13-сыныпта университетке түсуге өтініш береді, бірақ олар оқудың ықтимал елдері, университеттер, мамандықтар және түсу талаптары туралы қазірден бастап ойлануы керек. Университеттер оқушыларды әдетте 18 немесе 19 жаста ғана қабылдайды.

A Level бағдарламасы бойынша оқушылар екі жыл оқып, соңында қорытынды емтихан тапсырады. Кейбір модульдерді бір жыл ішінде немесе 12-сыныпты бітірген соң таппсыруға болады.

Оқушылар 3 пәнді оқиды. 12-сыныпта, AS level бағдарламасында емтихан үшін 4 пәнді таңдай аласыз, содан кейін, 13 сыныптағы A level-де 4 пәннің 3-ін оқи

аласыз. A level-ге түсу үшін A\* (ең жоғарғы баға), A, B, C, D, E. Осы бағаларға қарап университеттер талапкерді қабылдау туралы шешім қабылдайды.

Бірінші тілі ағылшын тілі емес оқушыларға IELTS емтиханын тапсыру ұсынылады. Университеттер оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін және осы тілде әрі қарай оқу мүмкіндігін білу үшін бұл емтиханды тапсыруды талап етеді. 12-13 сынып оқушыларына осы емтиханды сәтті тапсыру үшін қосымша сабақтар түрінде қолдау көрсетіледі.

Британдық университеттер оқушыларға шақыртуларын A Level бағдарламасының екінші жылында жібере бастайды. Мысалы, London School of Economics-ке түсу үшін экономиканы оқығысы келетін оқушылар 3 “A” бағасын, ал Leeds University-дің машина жасау факультетіне түсу үшін үш “B” бағасын алуы керек. Университет кітапшаларында белгілі бір мамандыққа түсу үшін алынуы тиіс ең төменгі баллдар туралы ақпаратты табуға болады. Бұл ақпаратты университет сайттарынан да табуға болады.

Университеттер IGCSE/GCSE нәтижелерін мұқият тексереді, өйткені A Level нәтижелері өтінім беру кезінде әлі белгілі болмайды. Олар сондай-ақ мектептің болжаған A Level емтихан нәтижелерін ескереді. Негізінен, олар шақыртуларын IGCSE/GCSE-ден сәтті өткен және жақсы болжамды нәтижелері бар оқушыларға жібереді.

IGCSE/GCSE-дің көптеген пәндері бойынша сабақтар тамыз айында басталады. Оқу екі жылға созылады, оқушылар сегіз пәннен емтихан тапсырады. Барлық оқушылар ағылшын, математика және екі ғылыми пәнді оқу керек, ал шетелдік оқушыларына заманауи шет тілін таңдауға кеңес береміз. Мектеп ағылшын тілі курстарын әр оқушыға жеке анықтайды. Оқушылар тағы үш пәнді таңдауы керек. Қазақстан Республикасының барлық азаматтары қазақ тілін оқуға міндетті, сонымен қатар барлық оқушыларға IGCSE Орыс тілі ұсынылады.

Оқушылардың IGCSE/GCSE алдында мүмкіндігінше көп пәндерді оқуы маңызды, кесте құрылымы бұл процесті жеңілдетеді.

Бұл кезеңде барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет.

Бұл кітапшаның мақсаты - оқушылар мен ата-аналарға таңдауға болатын пәндер туралы толық ақпарат беру.



# Пәндерді таңдау

Пәндерді дұрыстап ойланып таңдаған маңызды. Жалпы өзіңізге ұнайтын және жақсы оқитын пәнді таңдаған дұрыс. Сонымен қатар белгілі бір мамандықтар үшін міндетті және қажет пәндер бар. Егер нақты мансаптық жоспарларыңыз болса, қате таңдау жасамау үшін осы мансапқа қандай пәндер керек екенін біліп алғаныңыз жөн.

Төменде бірнеше сұрақтар берілген, оларға жауап беруіңізді сұраймыз:

## 1. Пәнге деген қызығушылығыңыз

Сізді бұл пән қызықтырады ма және неге?

Пәнге және оған тікелей қатысты дағдыларға қызығушылық болу керек.

Мысалы, берілген тақырыпқа эссе жазу қажет пе? Бұл пән көбінесе тәжірибелерге негізделген бе? Сондай-ақ, пәннің қалай бағаланатынын қарастырыңыз: курстық жұмыс болады ма?

## 2. Сіздің пәнге бейімділігіңіз

Сіздің күшті және әлсіз жақтарыңыз қандай? Соңғы үлгерім табелін оқып шығыңыз, сіз үшін ең қолайлы пәндерді анықтаңыз. Қандай дағдыларды оңай үйренесіз?

## 3. Мүмкін A Level пәндері, университеттерді таңдау және болашақ мансап

A Level бағдарламасына дейін әлі екі жылдан астам уақыт бар болса да, қазір қабылдаған шешімдеріңіз A Level пәндерін және университетті таңдауға әсер етуі мүмкін.

## Пәнді таңдау себептері

### Таңдауды жасаған кезде мыналарды ескеріңіз:

- Пәнді келесі жағдайда таңдау керек;
- ол сізге шынымен ұнайды;
- ол сізді қатты қызықтырады;
- ол сіз үшін оңай;
- ол сіздің болашақ мансабыңызға көмектеседі;
- бұл пәннен жақсы баға аласыз.

### Пәнді келесі себептер үшін таңдамаңыз:

- оны достарыңыз таңдады;
- оңай болады деп ойлайсыз;
- бұл пән бойынша тапсырмалар аз болатынын біреуден естідіңіз;
- туыстарыңыз немесе достарыңыз осы пәнді таңда деп отыр;
- сізге пән мұғалімі ұнайды;
- жаңа пәнді оқып көргіңіз келеді.



# Негізгі қызметкерлер

Haileybury Almaty сіздің болашағыңыз туралы ойлайды, сізге оқу барысында қолдау көрсетеді, ал оның түпкі мақсаты - өзіңіз таңдаған университетке түсу. Таңдау жасамас бұрын келесі негізгі қызметкерлермен кездесуді ұсынамыз, олар қай пәнді таңдау керектігі туралы кеңес беріп, оқудың ықтимал жолдары туралы айтып беруге тырысады.



**Саймон Миллс**  
Мектеп директоры



**Андреа Ангус**  
Мектеп директорының оқу  
ісі бойынша орынбасары



**Даршак Пандья**  
Мектеп директорының тәрбие  
жұмысы бойынша орынбасары



**Джонатан Лоуренс**  
Аттли хаусының  
басшысы



**Софи Лайтаулерс**  
Бартл Фрер хаусының  
басшысы



**Стивен О'Рурк**  
Эдмонстон хаусының  
басшысы



**Джошуа Ливерсидж**  
Киплинг хаусының  
басшысы



IGCSE

пәндері

# IGCSE Ағылшын тілі

10 және 11 сынып оқушыларының көпшілігі ағылшын тілі сабақтарында екі бөлек пәнді оқиды: IGCSE Ағылшын тілі бірінші тіл ретінде және IGCSE Ағылшын әдебиеті. Бұл пәндерде оқушылар 7-9 алған білімдерін белсенді қолданады.

IGCSE Ағылшын тілі сабақтарында оқушылар әртүрлі мақсаттарда және әртүрлі формаларда жазуды үйренеді, ал IGCSE Ағылшын әдебиеті сабақтарында оқушылар әртүрлі мәтіндерді сыни тұрғыдан талдауды үйренеді.

Ағылшын тілі оқушыларға өмірдің әртүрлі кезеңдерінде көмектесетін дағдыларды дамытады.

Бұл дағдылардың көпшілігі басқа пәндерді оқу үшін де пайдалы - мысалы, олардың көмегімен оқушылар GCSE тарих және география емтихандарында ойларын еркін және дәл жеткізе алады.

## Мақсаттар

Пәннің мақсаттары:


- дұрыс және бай жазба тілі;
- оқушылардың фактілерді пікірден айыра білу қабілетін дамыту;
- оқушылардың ойлау ағымын қадағалай білу қабілетін дамыту;
- оқушылардың мақсатқа сәйкес материалды таңдау қабілетін дамыту;

- әртүрлі жазушылардың тілді қалай қолданғанын бағалау мүмкіндігі;
- әртүрлі мақсаттар мен аудиториялармен араласу үшін оқушылардың сөйлеу және тыңдау әрекеттеріне қатысуы;
- оқушылардың мәтінге дұрыс жауап беру қабілетін дамыту;
- әлеуметтік, тарихи және мәдени контекст туралы түсінікті дамыту.





# IGCSE Ағылшын тілі



## Курс

Бұл курстың көмегімен оқушылар ауызша еркін сөйлесе алады, жазбаша тілін де жетілдіреді. Сонымен қатар кең ауқымды сөздік қорын қалай қолдануды, дұрыс грамматиканы, емле мен тыныс белгілерін қолдануды үйренеді, жеке стильдерін дамытады. Ағылшын тілі сондай-ақ синтездеу, қорытынды жасау және фактілерді ретке келтіру және пікірлерді тиімді ұсыну сияқты жалпы талдау мен коммуникация дағдыларын дамытады.

Edexcel GCSE 4EA1 ағылшын тілі курсы.

## Емтихандар

11-сыныптың соңында оқушылар 2 емтихан тапсырады.

### 1-ші емтихан

- А бөлімі: Оқылым.

Бұл бөлімде IGCSE Ағылшын антологиясының 1-бөліміндегі көркем емес мәтінге және бұрын көрмеген бір үзіндіге қатысты қысқа және ұзақ жауап беретін сұрақтар қойылады.

- В бөлімі: Іскерлік хат алмасу.

Бұл бөлімде 45 баллдық жазбаша тапсырма беріледі.

### Баға неден тұрады?

- 1-ші емтихан: 60%
- 2-ші емтихан: 40%

## 2-ші емтихан

- А бөлімі: Оқылым


Бұл бөлімде Pearson Edexcel халықаралық GCSE ағылшын тілінің антологиясының 2-бөліміндегі өлең немесе проза бойынша 30 баллдық бір эссе сұрағы болады.

- В бөлімі: Шығармашылық жазу

Бұл бөлімде 30 ұпайлық бір шығармашылық жазбаша тапсырма беріледі.



# IGCSE Ағылшын әдебиеті



## Курс

Ағылшын әдебиеті сабақтарында оқушылар мәтіндерді оқуды, түсіндіруді және бағалауды үйренеді. Олар тура мағынаны, контекстті және тереңірек тақырыптарды түсінеді.

Оқу барысында олар жазушылардың әртүрлі әсерлерге қол жеткізу үшін ағылшын тілін қолдану тәсілдерін білуге және бағалауға үйренеді және оқыған материалға ақпараттандырылған, жеке жауап бере алады.

Оқушылардың өзін және қоршаған әлемді түсінуіне ықпал ететін кеңірек және әмбебап мәселелер зерттеледі.

Edexcel GCSE Ағылшын әдебиеті емтиханы бір міндетті емтиханнан және қосымша емтихан немесе курстық жұмыстан (таңдауға болады) тұрады.

Оқушылар Edexcel IGCSE Ағылшын әдебиеті 4ET1 бағдарламасы бойынша оқиды.

## Ағылшын әдебиетінен 1-ші емтихан

- А бөлімі: Таныс емес өлең
  - Бейтаныс өлеңнің мазмұныбойынша бір эссе сұрағы.
- В бөлімі
  - Антологиядан алынған поэзия: Pearson Edexcel International GCSE Ағылшын антологиясындағы екі өлеңді салыстыратын бір эссе сұрағы.
- С бөлімі
  - Қазіргі проза: мәтіндердің әр тобына бір эссе сұрағы.

## Ағылшын әдебиетінен 2-ші емтихан

- А бөлімі – Қазіргі драмалық әдебиет: драмалық мәтінге қатысты екі эссе сұрағынан біреуін таңдап жауап беру керек.
- В бөлімі – Классикалық әдебиет: Классикалық әдебиет мәтініне қатысты екі эссе сұрағынан біреуін таңдап жауап беру керек.
- Open Book: оқушылар емтиханға мәтіндердің дайын нұсқаларын алып келе алады.

## Баға неден тұрады?

### Литература

1-ші емтихан	60%
2-ші емтихан	40%

## Мүмкіндіктер

IGCSE Әдебиет бойынша жақсы баға оқушыларға AS, A Level-де, кәсіптік курста немесе жұмыста көмектеседі. Егер оқушы ағылшын әдебиетін ұнататын болса, осы пәнді немесе тіл, тарих сияқты сабақтас пәндерді таңдағысы келуі мүмкін.

# Edexcel IGCSE Ағылшын тілі екінші тіл ретінде (ESL)



Edexcel IGCSE ағылшын тілі екінші тіл ретінде курсы ағылшын тілін алғаш рет оқып жатқан оқушыларға арналған. Курс қосымша көмекті қажет ететін оқушыларға негізгі тілдік дағдыларды дамытуда қолдау көрсетеді. Құрылымдық тәсіл арқылы курс оқушылар әртүрлі шынайы өмірлік жағдайларда ағылшын тілін сенімді әрі дұрыс қолдану үшін қажет дағдыларды дамытуға көмектеседі.

## Курс құрылымы

Базалық тілдік дағдылар бойынша 4 тең дәрежелі емтихан, әрқайсысы 25%-ға тең.

### 1-ші емтихан: Оқылым (1 сағат)

Ақпараттық, баяндау және пікір сияқты әртүрлі мәтін түрлерін пайдаланып, оқушының оқылым дағдысы бағаланады.

### 2-ші емтихан: Тыңдалым (45 минут)

Диалогтарды, монологтарды және ақпарат сұрауларын қоса алғанда, әртүрлі контексттерде ағылшын тілін түсіну бағаланады.

### 3-ші емтихан: Жазылым (1 сағат 15 минут)

Түрлі форматта жазбаша тілдесу қабілеті бағаланады. Тапсырмалар өтілген тақырыптарға сәйкес беріледі, бұл оқушыға өз қабілеттерін сенімді түрде көрсетуге мүмкіндік береді.


### 4-ші емтихан: Айтылым (20 минут)

Алдын ала дайындалмаған және дайындалған тапсырмалардың көмегімен ауызша сөйлеу дағдылары бағаланады. Тақырыптар оқушыларға практикалық ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектесетін күнделікті жағдайларға қатысты.

## Курстың мақсаттары

- Оқушылардың тілді меңгеру деңгейін ескере отырып, жазбаша және ауызша ағылшын тілінде анық және еркін сөйлеуді дамыту
- Ауызша және жазбаша мазмұнды талдау және жауап беру қабілетін дамыту.
- Оқушыларға әртүрлі контексттер мен аудиторияларда идеяларды дәл жеткізуге мүмкіндік беру, тілдік дағдылар мен сенімділікті арттыру.
- Әрбір компонент ағылшын тілін жаңадан үйреніп жатқан оқушылар үшін оқу үлгерімі мен практикалық қолдануды ынталандыратын бастапқы нүктені қамтамасыз ету үшін құрылымдалған, ал нәтижесінде алынатын IGCSE біліктілігі бүкіл әлемде мойындалған.

# IGCSE Математика



Математика 1-9 сынып оқушылары үшін маңызды пән болып табылады, оқушылар болашақ өмірде қажет болатын маңызды есептеу және ойлау қабілеттерін дамытады. Бағдарлама математикалық түсініктерді, әдістерді, дағдыларды еркін меңгеруге, сондай-ақ сандар, құрылымдар және қатынастар туралы түсінікті дамытуға бағытталған. Бағдарлама мәселені шешуге, нәтижелерді ұсынуға және интерпретациялауға ерекше мән береді. Оқушылар сонымен қатар математикалық ұғымдарды пайдалана отырып ой қорытуды үйренеді.

Қосымша ақпарат алу үшін сілтеме бойынша өтіңіз:  
[Edexcel International GCSE Mathematics \(2016\)](#)

## Калькуляторлар

Оқушылар математика сабақтары үшін ғылыми калькуляторды сатып алулары керек.

Барлық оқушылар 2 емтихан тапсырады. Casio fx-82CW калькуляторын сатып алуға кеңес береміз. Калькулятор алмас бұрын мұғаліммен ақылдасып алған жөн.

## Бағалау

Барлық оқушылар 2 емтихан тапсырады (төменде қараңыз).


Барлық оқушылар жалпы оқу бағдарламасы бойынша оқиды. Негізгі оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқушылар жеке қарастырылады.

Математикадан емтихандарға дайындалумен қатар оқушылар математикалық олимпиадалар мен жарыстарға да қатыса алады.

IGCSE	1-ші емтихан (негізгі)	1-ші емтихан (жалпы)	2-ші емтихан (негізгі)	2-ші емтихан (жалпы)
Математика	<b>2 сағат</b> Негізгі оқу бағдарламасы бойынша қысқа жауап талап ететін сұрақтар. Баға: 5-1.	<b>2 сағат</b> Жалпы оқу бағдарламасы бойынша қысқа жауап талап ететін сұрақтар. Баға: 9-3.	<b>2 сағат</b> Негізгі оқу бағдарламасы бойынша құрылымды сұрақтар. Баға: 5-1.	<b>2 сағат</b> Жалпы оқу бағдарламасы бойынша құрылымды сұрақтар. Баға: 9-3.
<b>B %</b>	50%	50%	50%	50%



# IGCSE Тереңдетілген абстрактті математика



N.B. Бұл пәнді оқушылар таңдай алмайды. Оны оқушыларға бөлім басшысы ұсына алады, мұғалімдер де оқушыларға осы пәнді оқуға ұсына алады.

## IGCSE Тереңдетілген абстрактті математика коды 4PM1 [Edexcel]

[Edexcel International GCSE Further Pure Mathematics \(2017\)](#)

### Кіріспе

Тереңдетілген математика пәнге қатты қызығушылық көрсеткен және IGCSE математикасы бойынша бұрыннан алған білімдерін кеңейтуді және тереңдетуді қалайтын оқушыларға ұсынылады. Бұл пән бойынша 9-3 бағалары қойылады.

A Level-де Математика немесе Тереңдетілген математиканы оқу үшін бұл пәнді оқу міндетті болып табылмайды.

### Курс туралы

Көп жағдайда пән бір жыл бойы оқытылады. Шығармашылық ойлаумен қатар логикалық ойлауды дамытып, оқушыларды күтпеген қиындықтардан шығуға үйретеді. Ол IGCSE бойынша көбірек білім алғысы келетін және GCSE математикасында максималды бағалардан жоғары нәтижеге қол жеткізе алатын оқушыларға арналған.

Пән көпмүшелердің құрылысы, биномдық қатарлар, логарифмдер, жоғары дифференциалдау, жоғары тригонометрия және интегралдау сияқты жаңа тақырыптармен таныстыра отырып, IGCSE математикасы туралы көбірек түсінік береді.

### Бағалау

11-ші сыныптың соңында үміткерлер екі емтихан тапсырады (төменде қараңыз).

IGCSE	1-ші емтихан	2-ші емтихан
<b>Тереңдетілген абстрактті математика</b>	<b>2 сағат</b> Негізгі оқу бағдарламасы бойынша құрылымды сұрақтар. Баға: 9-3.	<b>2 сағат</b> Негізгі оқу бағдарламасы бойынша құрылымды сұрақтар. Баға: 9-3.
<b>B %</b>	50%	50%



# IGCSE Биология



Адам биологиясына ерекше назар аудара отырып, Edexcel IGCSE Биология пәні оқушыларға олар өмір сүретін ғылыми және технологиялық әлемді түсінуге және ғылым мен ғылыми өнертбыстарға қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Оқушылар биологияның негізгі принциптерін теория мен практика арқылы зерттеп, Cambridge International A Level-де және күнделікті өмірге қажет болатын пайдалы ғылыми дағдыларға ие болады.

Оқушылар ғылым туралы біле бастайды және ғылыми зерттеулердің нәтижелерінің адамдарға, қауымдастықтарға және қоршаған ортаға оң және теріс салдары болуы мүмкін екенін түсінеді.

Қосымша ақпаратты келесі сілтеме арқылы өтіп алуға болады: [Edexcel International GCSE Biology \(2017\)](#)

## Бағалау

Оқушылар екі емтихан тапсырады, оларды сыртқы сарапшылар бағалайды. Төменде емтихан туралы ақпарат берілген. 9-дан 1-ге дейін баға қойылады, 9 - ең жоғары баға.

IGCSE Биология	1-ші емтихан	2-ші емтихан
	<b>2 сағат</b> Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.	<b>1 сағат</b> Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.
<b>В %</b>	61%	39%

## Курс туралы

- Тірі организмдердің табиғаты мен көптүрлілігі
- Тірі ағзалардың құрылысы мен қызметі
- Көбею және тұқым қуалаушылық
- Экология және қоршаған орта
- Биологиялық ресурстарды пайдалану

# IGCSE Химия



Pearson Edexcel IGCSE Химия пәні оқушыларға олар өмір сүретін ғылыми және технологиялық әлемді түсінуге және ғылым мен ғылыми өнертабыстарға қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Оқушылар химияның негізгі принциптерін теория мен практика арқылы зерттеп, күнделікті өмірге қажет болатын пайдалы ғылыми дағдыларға ие болады.

Оқушылар ғылым туралы біле бастайды және ғылыми зерттеулердің нәтижелерінің адамдарға, қауымдастықтарға және қоршаған ортаға оң және теріс салдары болуы мүмкін екенін түсінеді.

Қосымша ақпаратты келесі сілтеме арқылы өтіп алуға болады: [Edexcel International GCSE Chemistry \(2017\)](#)


## Бағалау

Оқушылар екі емтихан тапсырады, оларды сыртқы сарапшылар бағалайды. Төменде емтихан туралы ақпарат берілген. 9-дан 1-ге дейін баға қойылады, 9 - ең жоғары баға.

IGCSE Химия	1-ші емтихан	2-ші емтихан
	<b>2 сағат</b>	<b>1 сағат</b>
	Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.	Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.
<b>B %</b>	61%	39%

## Курс туралы

- Химия негіздері
- Бейорганикалық химия
- Физикалық химия
- Органикалық химия



Pearson Edexcel IGCSE Физика пәні оқушыларға олар өмір сүретін ғылыми және технологиялық әлемді түсінуге және ғылым мен ғылыми өнертабыстарға қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Оқушылар физиканың негізгі принциптерін теория мен практика арқылы зерттеп, күнделікті өмірге қажет болатын пайдалы ғылыми дағдыларға ие болады. Оқушылар ғылым туралы біле бастайды және ғылыми зерттеулердің нәтижелерінің адамдарға, қауымдастықтарға және қоршаған ортаға оң және теріс салдары болуы мүмкін екенін түсінеді.

Қосымша ақпаратты келесі сілтеме арқылы өтіп алуға болады: [Edexcel International GCSE Physics \(2017\)](#)

## Бағалау

Оқушылар екі емтихан тапсырады, оларды сыртқы сарапшылар бағалайды. Төменде емтихан туралы ақпарат берілген. 9-дан 1-ге дейін баға қойылады, 9 - ең жоғары баға.

IGCSE Физика	1-ші емтихан	2-ші емтихан
	<b>2 сағат</b> Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.	<b>1 сағат</b> Көп нұсқасы бар сұрақтар, қысқа жауап талап ететін сұрақтар, есептеулер және кеңейтілген ашық жауап сұрақтары.
<b>B %</b>	61%	39%

## Курс туралы

- Күштер және қозғалыс
- Электр
- Толқындар
- Энергия ресурстары және энергияны тасымалдау
- Қатты денелер, сұйықтар және газдар
- Магнетизм және электромагнетизм
- Радиоактивтілік және бөлшектер
- Астрофизика



# IGCSE Информатика



## IGCSE ИНФОРМАТИКА: 0478 [Кембридж Халықаралық емтихандары]

«Есептеу техникасы» IGCSE курсы компьютерлік шешімдерді қолданудың негізгі принциптерін және есептеу тапсырмаларын орындауды үйретеді. Оқушылар алгоритмдер мен бағдарламалау тілдерін пайдалана отырып, компьютерлік шешімдер қабылдауды, сондай-ақ техникалық дағдыларды дамытуды үйренеді. Олар тиімді тестілеу және есептеу шешімдерін бағалауды меңгереді. Бұл пән студенттерге заманауи есептеу технологияларын, олардың артықшылықтарын және пайдалану тәуекелдерін түсінуге көмектеседі.

Информатика курсы студенттердің есептеу саласына қызығушылығын арттырады және есептік ойлау дағдыларын дамытады. Бұл пән әрі қарайғы зерттеулер үшін тамаша негіз бола отырып, басқа пәндер мен күнделікті өмірде қолданылатын дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

## Курстың мақсаттары:

- Компьютерлік ойлау: Компьютерлердің қалай жұмыс істейтінін, құрылымын және деректерді қалай ұйымдастыратынын түсіну.
- Шешімдер қабылдау: Компьютерлердің тапсырмаларды қалай шешетінін, сондай-ақ олардың негізгі принциптерін түсіну.
- Компьютерлік жүйелер: Әрбір компьютер жүйесінің құрамдас бөліктерін, олардың өзара байланысын және жұмысын түсіну. Бұл бөлімде бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық құралдар, деректер қауіпсіздігі, коммуникациялар және адамдардың рөлі қарастырылады.
- Бағдарламалау дағдылары: Жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдері арқылы компьютерлік тапсырмаларды шешу үшін қажетті дағдыларды дамыту.



Курс мазмұны

### 1-бөлім. Информатика теориясы

- Өнімділік деректері
- Деректер тарату
- Жабдықтар
- Бағдарламалық қамтамасыз ету
- Интернет және оның қолданылуы (цифрлық валюта)
- Автоматтандырылған жүйелер және жаңа технологиялар

### 2-бөлім Практикалық мәселелерді шешу және бағдарламалау

- Алгоритмдер мен шешімдер
- Бағдарламалау
- Деректер негіздері
- Алгебралық логика

Барлық кандидаттар тапсырады:

---

#### 1-ші емихан

**1 сағат 45 минут**

Теориялық бөлім: 50%

75 ұпай

Барлық сұрақтар: қысқаша жауаптар және құрылымдық сұрақтар

Тақырыптар: 1-6

Калькуляторлар қолдануға рұқсат етілмейді

Бағалау: Сыртқы сарапшылар.

#### 2-ші емихан

**1 сағат 45 минут**

Шешімдер мен бағдарламалау: 50%

75 ұпай

Қысқаша жауаптар, құрылымдық сұрақтар және сценарий бойынша сұрақтар

Тақырыптар: 7-10. Жауаптар барлық сұрақтарға берілуі тиіс

Калькуляторлар қолдануға рұқсат етілмейді

Бағалау: Сыртқы сарапшылар.

---

# IGCSE География



Кембридж IGCSE географиясы пәні бойынша студенттер әлемді жергілікті, аймақтық және жаһандық деңгейде қарастырады. Олардың оқу барысында табиғи және жасанды орталардың процестері, олардың дамуына әсер ететін факторлар, адамдардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі зерттеледі. Сондай-ақ, әлемнің әртүрлі қауымдастықтары мен мәдениеттерін тереңірек түсінуге, олардың проблемалары мен мүмкіндіктеріне көзқарас қалыптастыруға көңіл бөлінеді.

Қосымша ақпаратты келесі сілтеме арқылы өтіп алуға болады: [Cambridge IGCSE Geography](#)

## Бағалау

Студенттер 3 емтихан тапсырады: Емтихан 1 және Емтихан 2: Географиялық тақырыптар бойынша сұрақтар. Емтихан 4: Географиялық дағдылар бойынша сұрақтар.

IGCSE География	Емтихан 1	Емтихан 2	Емтихан 4
	<b>1 сағат 45 мин.</b> Географиялық тақырыптар. Студенттер үш сұраққа жауап береді. Студенттер әрбір бөлімнен кемінде бір сұраққа жауап береді.	<b>1 сағат 30 мин.</b> Географиялық дағдылар. Студенттер барлық сұрақтарға жауап береді.	<b>1 сағат 30 мин.</b> Балама курстық жұмыс. Студенттер екі міндетті сұраққа жауап береді және бірнеше жазбаша тапсырманы орындауы қажет.
<b>B %</b>	45%	27.5%	27.5%



# IGCSE Тарих



Кембридж IGCSE тарихы пәні 20 ғасырдың маңызды халықаралық оқиғаларын және жеке аймақтардың тарихын қамтиды. Пәннің негіздері тарихи білімді игеруге және тарихи зерттеулерді жүргізу үшін қажетті дағдыларды дамытуға назар аударады.

Оқу барысында студенттер тарихтың негізгі ұғымдарын, себептер мен салдарларды, тұрақтылық пен өзгерістерді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге үйренеді. Сондай-ақ, олар тарихи деректерді зерттеуде дұрыс қолдануды және бұл деректердің сапасын бағалауды үйренеді. Бұл пән студенттерге тарихқа деген қызығушылықты арттырып, әрі қарай тереңдетілген оқуға негіз қалайды.

Қосымша ақпаратты келесі сілтеме арқылы өтіп алуға болады: [Cambridge IGCSE History](#)

## Бағалау

Студенттер үш емтихан тапсырады: Емтихан 1 және Емтихан 2: Тарихи тақырыптар бойынша сұрақтар. Емтихан 4: Тереңдетілген оқу бойынша сұрақтар.

IGCSE Тарих	Емтихан 1	Емтихан 2	Емтихан 4
	<b>2 сағат</b> Студенттер А бөлімінен (негізгі) екі сұраққа және Б бөлімінен (тереңдетілген оқу) бір сұраққа жауап береді.  Барлық сұрақтар құрылымдық эссе түрінде ұсынылады, олар үш бөлімге бөлінеді: (а), (б) және (с).	<b>2 сағат</b> Студенттер бес сұраққа жауап беруі керек, олар берілген тағайындалған тақырып бойынша құралады және мазмұнына сәйкес келеді. Тағайындалған тақырып әр емтихан сессиясы сайын өзгеріп отырады.	<b>1 сағат</b> Студенттер тереңдетілген бағдарлама бойынша екі сұраққа жауап береді.
<b>В %</b>	40%	30%	30%

# IGCSE Бизнес




## Бизнес

«Бизнес» пәні Пирсон Эдексел Халықаралық GCSE курсы екі жылдық мерзімге арналған. Бұл курс студенттерге жаңа идеялар мен ұғымдарды таныстыруды, сондай-ақ бұрынғыда үйренген ұғымдарды қолдану мен бекіту арқылы дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Курс студенттердің бизнестің ерекшеліктерін түсінуді қамтамасыз етіп, алған білімдері мен дағдыларын жекелеген елдер мен жаһандық экономика контекстінде қолдануға үйретеді.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [Edexcel International GCSE Business 2017](#)

## Бағалау

Барлық студенттер екі емтихан тапсырады.



IGCSE Бизнес	Емтихан 1	Емтихан 2
	<p><b>90 мин.</b></p> <p>Бұл емтихан барлық тақырыптарды қамтиды. Сценарийлер үлкен бизнеске қатысты дайындалады (мысалы, 49 қызметкері бар компания).</p> <p>Емтихан төрт міндетті сұрақтан тұрады, әрқайсысы 20 ұпаймен бағаланады.</p> <p>Қосымша сұрақтар: көп таңдаулы сұрақтар, қысқа жауаптар, деректермен жұмыс жасау және ашық сұрақтар.</p>	<p><b>90 мин.</b></p> <p>Бұл емтихан барлық тақырыптарды қамтиды. Сценарийлер үлкен бизнеске қатысты дайындалады (мысалы, 250-ден астам қызметкері бар компания).</p> <p>Емтихан төрт міндетті сұрақтан тұрады, әрқайсысы 20 ұпаймен бағаланады.</p> <p>Қосымша сұрақтар: көп таңдаулы сұрақтар, қысқа жауаптар, деректермен жұмыс жасау және ашық сұрақтар.</p>
<b>В %</b>	50%	50%

# IGCSE Экономика



## Экономика

«Экономика» пәні Edexcel GCSE бағдарламасы бойынша студенттерге экономикалық теория, терминология және экономиканың негізгі принциптерін ұсынады. Студенттер әртүрлі мемлекеттердің экономикасын және олардың экономикалық қатынастарын зерттейді.

Сонымен қатар, олар экономикалық деректермен жұмыс істеді және экономикалық талдау құралдарын қолдануды үйренеді. Студенттер алған білімдерін экономикалық мәселелерді шешуде қолдана алады.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [Edexcel International GCSE Economics \(2017\)](#)

## Бағалау

Барлық студенттер екі емтихан тапсырады.



IGCSE Экономика	Емтихан 1	Емтихан 2
	<p><b>90 мин.</b></p> <p>Бұл емтихан «Микроэкономика» тақырыбы бойынша сұрақтарды қамтиды (10 сынып).</p> <p>Емтихан төрт міндетті сұрақтан тұрады, әрқайсысы 20 ұпаймен бағаланады.</p> <p>Қосымша сұрақтар: көп таңдаулы сұрақтар, қысқа жауаптар, деректермен жұмыс жасау және ашық сұрақтар.</p>	<p><b>90 мин.</b></p> <p>Бұл емтихан «Макроэкономика» тақырыбы бойынша сұрақтарды қамтиды (11 сынып).</p> <p>Емтихан төрт міндетті сұрақтан тұрады, әрқайсысы 20 ұпаймен бағаланады.</p> <p>Қосымша сұрақтар: көп таңдаулы сұрақтар, қысқа жауаптар, деректермен жұмыс жасау және ашық сұрақтар.</p>
<b>В %</b>	50%	50%





# GCSE орыс тілі екінші тіл ретінде



«Орыс тілі екінші тіл ретінде» пәні Edexcel GCSE бағдарламасы бойынша тілді меңгерудің бастапқы деңгейіндегі студенттерге арналған және олар өз білімдерін қосымша мақсаттар үшін, атап айтқанда білім беру мен мансаптық мақсаттарға жету үшін жақсартқысы келеді. Бұл курс студенттерге орыс тілін түсіну және әртүрлі жағдайларда қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Курстың мақсаты – студенттердің күнделікті қарым-қатынас жағдайларында практикалық тілдік дағдыларын жетілдіру. Сонымен қатар, бұл курс орыс тіліне тереңдетілген зерттеу жасауға негіз болады.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [Edexcel International GCSE Russian \(2017\)](#)

## Бағалау

Барлық студенттер төрт емтихан тапсырады. Оқушылар жаңа бағалау жүйесі бойынша 9-дан 1-ге дейінгі шкала бойынша бағаланады.

GCSE орыс тілі екінші тіл ретінде	Емтихан 1	Емтихан 2	Емтихан 3	Емтихан 4
	<b>50 мин.</b> Тыңдау	<b>25 мин.</b> Ауызша сөйлеу	<b>65 мин.</b> Оқу	<b>1 сағат 25 мин.</b> Жазу
<b>В %</b>	25%	25%	25%	25%





# IGCSE Француз тілі – Шет тілі



«Француз тілі шетел тілі ретінде» курсы француз тілін шетел тілі ретінде үйреніп жатқан студенттерге арналған. Бұл курс студенттерге тілдің практикалық қолданылуын тиімді пайдалану дағдыларын дамытады, сондай-ақ тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл дағдылар курсты аяқтағаннан кейін одан әрі жетілдіріледі.

Курс сонымен қатар француз тілінде сөйлейтін елдердің мәдениеті мен өркениетімен таныстырады, бұл тіл үйренуге деген оң көзқарасты қалыптастырады және шетел тілдерін үйренушілер үшін маңызды тәжірибе береді.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [Cambridge IGCSE French - Foreign Language](#)

## Бағалау

Барлық студенттер төрт емтихан тапсырады.

IGCSE Француз тілі – Шет тілі	Емтихан 1	Емтихан 2	Емтихан 3	Емтихан 4
	<b>45 мин.</b>	<b>1 сағат</b>	<b>15 мин.</b>	<b>1 сағат</b>
	Тыңдау	Ауызша сөйлеу	Оқу	Жазу
	Студенттер тыңдау жазбаларын тыңдап, оған байланысты тест сұрақтарына жауап береді.	Студенттер бірнеше мәтінді оқып, оған қатысты сұрақтарға жауап береді.	Студенттер екі тақырып бойынша әңгіме жүргізеді.	Студенттер үш сұраққа жауап береді.
<b>В %</b>	25%	25%	25%	25%



# IGCSE Қытай тілі – шет тілі



Бұл курс қытай тілін шетел тілі ретінде үйреніп жатқан студенттерге арналған. Курс студенттердің тілдің практикалық қолданылуын тиімді пайдалану дағдыларын дамытады, сондай-ақ тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл дағдылар курсты аяқтағаннан кейін әрі қарай дамытылады.

Курс сонымен қатар қытай тілінде сөйлейтін елдердің мәдениеті мен өркениетімен таныстыруға арналған. Бұл студенттердің тіл үйренуге деген оң көзқарасын қалыптастырады және шетел тілдерін үйренушілерге жалпы пайдалы тәжірибе береді.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [Cambridge IGCSE Mandarin Chinese - Foreign Language](#)

## Бағалау

Барлық студенттер төрт емтихан тапсырады. Бағалау шкаласы A\* – E дейінгі аралықта болады.

IGCSE Қытай тілі – шет тілі	Емтихан 1	Емтихан 2	Емтихан 3	Емтихан 4
	<b>40 мин.</b> Тыңдау Студенттер бірнеше тыңдау жазбаларын тыңдап, оған қатысты тест сұрақтарына жауап береді.	<b>1 сағат 15 мин.</b> Ауызша сөйлеу Студенттер бірқатар мәтіндерді оқып, тест сұрақтарына жауап береді.	<b>15 мин.</b> Оқу Студенттер екі тақырып бойынша әңгіме жүргізеді.	<b>1 сағат 15 мин.</b> Жазу Студенттер үш сұраққа жауап береді.
<b>В %</b>	25%	25%	25%	25%





# IGCSE Музыка



Музыка пәні бойынша Кембридж IGCSE бағдарламасы студенттерге музыкалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу барысында студенттер жеті негізгі сала бойынша білім алады:

- Барокко музыкасы
- Классикалық музыка
- Романтикалық музыка
- Музыка мен сөздер
- Музыка мен би
- Музыка үшін кіші ансамбль
- Музыка үшін көріністер мен экран

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз [Cambridge IGCSE Music](#).

Курс барысында басты назар студенттерге музыкалық өмірге белсенді қатысу мүмкіндіктерін ұсынуға бағытталған. Студенттер орындаушы, композитор немесе тыңдаушы ретіндегі өз рөлдерін түсінуге үйренеді.

## Бағалау

IGCSE Музыка	Компонент 1	Компонент 2	Курстық жұмыс
	<b>1 сағат 15 мин.</b>	Курстық жұмыс	Композиция құру
	Хат	Өнімділік 30% – 50 ұпай	Студенттер екі қарама-қарсы композиция жасайды.
	Студенттер жазбалар тыңдайды және оларға қатысты сұрақтарға жауап береді.	Студенттер екі баяндаманы дайындайды: біреуі жеке орындау, екіншісі ансамбльде орындалатын композиция. Бағалау мектеп мұғалімі және сыртқы сарапшы тарапынан жүзеге асырылады.	Бағалау мектеп мұғалімі және сыртқы сарапшы тарапынан жүргізіледі.
<b>B %</b>	40%	30%	30%





# GCSE Бейнелеу өнері



Бейнелеу өнері пәні Cambridge IGCSE бағдарламасы студенттерге қиялды, қабылдаудың тереңдігін, концептуалды ойлау және аналитикалық қабілеттерді дамытуға бағытталған. Студенттер сенімділік пен ынта-жігерге ие болып, екі және үш өлшемді пішіндер мен композицияларды жасау үшін техникалық дағдыларын дамытады. Оқушылар бастауыш идеялардан бастап соңғы шешімдерге дейін шығармашылық тапсырмаларды шешуге үйренеді.

Өнердің мәні және оның қоғамдағы рөлі мен тарихтағы маңызы, сондай-ақ мәдени көкжиектерді кеңейту туралы түсінік Pearson Edexcel GCSE бағдарламасы арқылы беріледі. Бұл курс фотосурет, 3D дизайн, цифрлық өнер, графика, иллюстрация және бейнелеу өнері бойынша әрі қарай білім алуға ынталы студенттер үшін керемет негіз болып табылады.

Көбірек ақпарат алу үшін сілтемеге өтіңіз: [GCSE \(9-1\) Art and Design](#)

## Бағалау

Барлық студенттер екі міндетті емтихан тапсырады.

GCSE Бейнелеу өнері	Емтихан 1	Емтихан 2
	Жеке портфолио Студенттер жеке жұмыстардың портфолиосын құрады. Портфолио мектепте берілген тақырыптар (тақырыптар), жоба(лар) немесе тапсырмалар негізінде жасалады.	Сыртқы тапсырма Сыртқы тапсырма Емтихан 1-дегі тақырыпқа сәйкес келеді. Бұл тапсырма сыртқы сарапшылар тарапынан бағаланады.
<b>В %</b>	60%	40%



Қазақ тілі пәні бойынша студенттер бөлек емтихан тапсырады. Емтихан төрт блоктан тұрады: тыңдау, ауызша сөйлеу, оқу және жазу.

Қазақ тілі	Блок 1	Блок 2	Блок 3	Блок 4
	<b>30 мин.</b>	<b>1 сағат</b>	<b>10 мин. – 40 ұпай</b>	<b>1 час – 45 ұпай</b>
	Тыңдау	Ауызша сөйлеу	Оқу	Жазу
	Студенттер бірнеше жазбалар тыңдайды және сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар бірнеше жауап нұсқасымен немесе салыстыру талап ететін жауаптармен беріледі.	Студенттер бірнеше мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар бірнеше жауап нұсқасымен немесе салыстыру талап ететін жауаптармен беріледі. Кейбір сұрақтар қысқаша жауаптарды қажет етеді.	Студенттер бір жағдайды көрсетеді, орындауда әңгіме жүргізеді, әңгіме тақырыптары жалпы болады. Бұл блок сыртқы маманмен бағаланады.	Үміткерлер бір жаттығуды орындап, сауалнамаларды толтырады. Бір жазбаша тапсырма және 50-80 сөзден тұратын әріп форматындағы немесе 100-120 сөзден тұратын эссе жазылады.
<b>В %</b>	25%	25%	25%	25%

## Емтихан процедурасы

- Тыңдау және оқу: 1 сағат 30 минут (жалпы уақыт).
- Жазу: 1 сағат.
- Ауызша емтихан наурыз айында өткізіледі, көктемгі мерекелерге дейін. Жазбалармен емтихан сыртқы сарапшыларға жіберіледі және бағаланады.
- Рейтингтер мен пікірлер шілде айында беріледі.
- Сертификаттар мектептерге беріледі:
  1. Ең жоғары деңгейдегі сертификат.
  2. Орташа деңгейдегі сертификат.
  3. Негізгі деңгейдегі сертификат.





# Haileybury Almaty

*Біздің веб-сайт арқылы экскурсияға жазылыңыз:*

<http://www.haileybury.kz/kz/almaty/admissions>

*Байланыс ақпараты:*

[admissions@haileyburyalmaty.kz](mailto:admissions@haileyburyalmaty.kz)

T +7 (727) 355 09 88; +7 (727) 355 01 00 (Ex. 226, 240)

Әл -Фараби даңғылы , 112.

[www.haileybury.kz](http://www.haileybury.kz)

## Болашақ көшбасшыларды ОҚЫТУ



HaileyburyAlmaty



@haileybury\_almaty



Haileybury-Almaty



@HaileyburyKZ



HaileyburyAlmaty

*Haileybury мектептің барлық қызметкерлерінен және оған қатысы бар барлық тұлғалардан балалар мен жастардың әл-ауқатын қорғау және қамтамасыз ету міндеттемесін орындауды күтеді.*